

## ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІН АРТТЫРУ

Жолдасова Жангүл Амангелдіқызы

[zhangul98@mail.ru](mailto:zhangul98@mail.ru)

7M01101 – Педагогика және психология білім бағдарламасының ІІ курс магистранты  
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, PhD – Мугауина Г.О.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада ерекше білімді қажет ететін оқушылардың әлеуметтік бейімделуін арттырудағы инклюзивті білім беру құралдарының тиімділігі қарастырылады. Зерттеу барысында ассистивті технологиялар, арнайы педагогикалық әдістер және цифрлық білім беру ресурстарының оқушылардың әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын дамытудағы рөлі талданды. Инклюзивті білім беру ортасында қолданылатын құралдардың оқушылардың қоғамға бейімделу деңгейін арттыруға ықпал ететіні анықталды.

**Түйін сөздер:** инклюзивті білім беру, әлеуметтік бейімделу, ерекше білімді қажет ететін балалар, ассистивті технологиялар, педагогикалық құралдар.

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі бағыттарының бірі – барлық балаларға тең мүмкіндік беру, яғни инклюзивті білім беру қағидағдарын жүзеге асыру болып табылады. Ерекше білімді қажет ететін балаларды қоғамға толыққанды кіріктіру және олардың әлеуметтік бейімделу деңгейіне тікелей байланысты.

Бұл ретте, әлеуметтік бейімделу дегеніміз – бұл тұлғаның қоршаған ортамен тиімді қарым-қатынас орнату, әлеуметтік нормаларды меңгеру және қоғамда өз орнын табу үдерісі.

Сонымен қатар, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға инклюзивті білім беру құралдарын тиімді пайдалану ерекше маңызға ие. Инклюзивті білім беру құралдарына арнайы оқыту әдістері, ассистивті технологиялар, визуалды және цифрлық ресурстар жатады. Бұл құралдар оқушылардың тек академиялық білім алуына ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беруді кең педагогикалық практикада жүзеге асыру инклюзивті білім беру ортасына қатысушылардың әлеуметтік бейімделуі мәселесінің өзектілігін арттырады. Жүргізілген зерттеулер инклюзивті білім беру үдерісіне қатысатын білім алушылардың әлеуметтік бейімделуінде елеулі қиындықтардың бар екенін көрсетеді [1].

Қазіргі психологиялық-педагогикалық ғылыми әдебиеттерде бұл қиындықтарды еңсеру жолдарын іздеу әртүрлі ғылыми тәсілдер негізінде жүзеге асырылатындығын көре аламыз. Бұл бір жағынан - жалпы гуманистік тәсіл қарқынды дамуда, ол ерекше білім беруді қажет ететін баланың жеке тұлғалық әлеуетін толық ашуға қолайлы жағдай жасап, оның дезадаптациясына жол бермеу арқылы білім беру ықпалдарының тиімділігін арттыруды негізгі міндет ретінде қарастырады [2].

Екінші жағынан, зерттеушілер арасында позитивті психология идеяларына негізделген тәсілге деген қызығушылық артып келеді [3]. Бұл тәсіл назарды жағымсыз факторлар мен тәуекелдерді бақылаудан гөрі, тұлғаның күшті жақтарын анықтауға, қиындықтарды еңсеруге негіз болатын қасиеттерді дамытуға және тұлғаның әл-ауқатына қол жеткізу құралдарын қалыптастыруға бағыттайды.

Сондай-ақ, инклюзивті білім беру ортасындағы бейімделуді біз субъект тұрғысынан белсенді үдеріс ретінде қарастырамыз. Бұл үдеріс тұлға мен орта арасындағы өзара әрекеттестікті қамтып, оның барысында тұлғаның жаңа құрылымдарының қалыптасуы жүзеге асады.

Даму үдерісі орта талаптары мен тұлға мүмкіндіктері арасындағы сәйкессіздік жағдайында өтеді, бұл өз кезегінде тұлғаның болып жатқан жағдайды күрделі ахуал ретінде қабылдауына алып келеді. Бейімделу осы сәйкессіздіктерді еңсеруге бағытталады және ол тұлғаның бейімделу ресурстарын саналы түрде пайдалануымен, сондай-ақ ортаның мүмкіндіктерін тиімді қолдану арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыда инклюзивті білім беру ортасындағы әлеуметтік бейімделу білім алушылардың және басқа да қатысушылардың білім беру ортасымен өзара әрекеттесуін білдіреді. Бұл өзара әрекеттесу қиын жағдайларды еңсеру үдерісінде жүзеге аса отырып, ортадағы бейімделуге қажетті ресурстар мен мүмкіндіктердің қолжетімділігіне, тұлғаның оларды саналы түрде түсінуіне, тиімді пайдалануына және дамытуына негізделеді.

Инклюзивті білім беру жағдайында «бейімделу» ұғымына екіжақты сипат береді. Біріншісі – ортаны тұлғаның қажеттіліктеріне сәйкес өзгерту, екіншісі – бейімделуге ұмтылатын тұлғаның ішкі өзгерістері.

Мәселенің мұндай қойылымы инклюзивті білім беру жағдайындағы бірлескен оқыту үдерісіне және ерекше білімді қажет ететін балалардың жалпы білім беретін оқу орнына кірігу процесіне сәйкес келеді.

Дәл осы жалпы білім беретін мектеп жағдайында дамуында бұзылыстары бар балалар олардың ішкі әлеміне әсер ететін және сонымен қатар мектеп ортасының өзінде де өзгерістермен қатар жүретін білім беру үдерісіне тартылады.

Зерттеуші С.И. Сабельникова атап өткендей, қазіргі таңда инклюзияны әрбір білім алушының айырмашылықтары мен ерекшеліктерін (жынысы, нәсілі, мәдениеті, әлеуметтік мәртебесі, ұлты, діні, сондай-ақ жеке мүмкіндіктері мен қабілеттері) қолдап, қабылдайтын реформа ретінде қарастырады. Көп жағдайда инклюзия ұғымы тек мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мектептерде дені сау құрдастарымен бірге оқыту ретінде ғана түсіндіріледі. Инклюзивті білім берудің негізгі қағидаты – жалпы білім беретін мектептердің әкімшілігі мен педагогтері ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды олардың әлеуметтік жағдайына, физикалық, эмоционалдық және зияткерлік даму деңгейіне қарамастан қабылдап, осы балалардың қажеттіліктеріне бағытталған психологиялық-педагогикалық әдістер негізінде тиісті жағдайлар жасауы болып табылады [4].

Инклюзивті білім берудің вариативті формаларын әзірлеу және оларды практикаға енгізу барысында келесі міндеттерді шешу қажет:

- арнайы педагогикалық көмекке мұқтаж балалардың қамтылу аясын кеңейту;
- ерекше білімді қажет ететін балалардың қалыпты дамып келе жатқан құрдастар ортасына кірігуіне жағдай жасау;
- ата-аналарға қажетті консультативтік көмек алу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- инклюзивті сыныптарда жұмыс істейтін педагогтерге тұрақты және білікті әдістемелік қолдау көрсету.

Олай болса, қазіргі білім беру мекемелерінде инклюзивті білім беру бағдарламаларын күнделікті білім беру тәжірибесіне енгізу барысында цифрлық құралдарды тиімді қолданудың негізгі мүмкіндіктерін қарастыру теориялық негіздерді нақтылауды талап етеді.

«Цифрлық технологиялар» ұғымы негізін цифрлық құрылғылар, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар құрайтын жүйе ретінде қарастырылады [5].

Инклюзивті білім беру жағдайындағы цифрлық технологиялар ұғымын шетелдік педагогтер коррекциялық-компенсаторлық міндеттерді шешуде қолданылатын нақты цифрлық құралдарды анықтап, қарастырады. Оларға ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың қажетті ақпаратты қабылдауын жеңілдететін, соның нәтижесінде олардың педагогикалық үдерісте тең құқықты қатысуына ықпал ететін аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету құралдары жатады. Сонымен бірге, инклюзивті білім беру саласында ассистивті және жалпы цифрлық құралдарды қолдану тәжірибесін талдау олардың қолдану аясын кеңейту барлық санаттағы оқушылар үшін қолжетімді білім беру ортасын қалыптастыруға мүмкіндік беретінін дәлелдейді.

Инклюзивті білім беру құралдары – бұл ерекше білімді қажет ететін оқушылардың білім алуына және әлеуметтік дамуына жағдай жасайтын педагогикалық және техникалық ресурстар жиынтығы. Оларға мыналар жатады:

- ассистивті технологиялар (экран оқырмандар, дыбыстық бағдарламалар);
- визуалды құралдар (пиктограммалар, карточкалар);
- арнайы оқыту әдістері (жекелендірілген оқыту, ойын технологиялары);
- цифрлық білім беру ресурстары.

Бұл аталған құралдар білім алушылардың коммуникациялық қабілеттерін дамытып, әлеуметтік ортаға бейімделуін жеңілдетеді.

Ерекше білімді қажет ететін оқушылар үшін цифрлық технологиялар білім мазмұнын қолжетімді ету құралы ретінде ерекше мәнге ие. Бұл құралдар оқу материалын қабылдауды жеңілдетіп қана қоймай, оқушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес бейімделген білім беру ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда көрсетілген цифрлық құралдардың ішінде ассистивті технологиялар ерекше орын алады. Оларға экран оқырмандар, мәтінді дыбыстау бағдарламалары, үлкейткіш құрылғылар, сөйлеуді тану жүйелері және альтернативті коммуникация құралдары жатады. Мұндай технологиялар көру, есту, сөйлеу немесе қозғалыс бұзылыстары бар балаларға ақпаратты тиімді қабылдауға және білім беру процесіне толыққанды қатысуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ассистивті құралдар мектептің виртуалды архитектурасының сегменттері (виртуалды сыныптар, тар бейінді мамандар кабинеттері, ата-аналарға арналған бөлмелер, сыныптан тыс жұмыстарға арналған бөлмелер) және білім беру үдерісінде өзге ақпаратты ұсынудың баламалы форматтарын жатқыздыруға болады.

Мұндай ортада әртүрлі бұзылыстармен (қимыл-қозғалыс, мінез-құлықтық, сенсорлық) байланысты кедергілер жойылып, ерекше білімді қажет ететін оқушылардың дені сау құрдастар ортасына табысты кірігуі қамтамасыз етіледі.

Мектептегі инклюзивті білім беру міндеттерін шешу ерекшеліктеріне байланысты цифрлық технологияларды үш негізгі санатқа бөлуге болады:

- оқытуға көмектесетін цифрлық технологиялар (ассистивті құралдар);
- жаттықтыру және қайталауға арналған цифрлық технологиялар;
- оқыту мүмкіндіктерін кеңейтетін цифрлық технологиялар.

Оқытуға көмектесетін цифрлық технологиялар (ассистивті құралдар), жоғарыда айтылғандай, мектептің виртуалды архитектурасының төрт сегментін қамтиды. Солардың ішінде негізгі рөлді виртуалды сыныптар атқарады. Олар электрондық білім беру ресурстарының агрегаторы болып табылады.

Виртуалды сыныптардың мазмұны ерекше білімді қажет ететін әрбір оқушының білім беру қажеттіліктері мен танымдық қызығушылықтарын қанағаттандыруға бағытталуы тиіс. Осыған байланысты олардың құрамына міндетті түрде келесі ресурстар енгізілуі қажет:

- әртүрлі нозологиялық топтағы ерекше білімді қажет ететін оқушыларға арналған түзету курстарының тізімі және әр курсқа гиперсілтемелердің болуы [5];
- әр сыныпқа арналған сабақ кестелері;
- оқулықтар мен оқу құралдарының электрондық нұсқаларына, аудиовизуалды материалдарға, анықтамалық басылымдарға сілтемелер, сондай-ақ нақты нозологиялық топтағы оқушыларға бейімделген басқа да пайдалы ақпарат. Сонымен қатар, ерекше білімді

қажет ететін оқушыларға арналған виртуалды сыныптарды ұйымдастыру олардың орындаған жұмыстарын желілік кеңістікте орналастыру мүмкіндігін қамтамасыз етуді де көздейді.

Қазіргі мектептің виртуалды архитектурасының маңызды құрамдас бөліктерінің бірі – сабақтардың технологиялық карталары болып табылады [6]. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар мен жасөспірімдерді оқыту және тәрбиелеуге бағытталған қызметтің тиімділігіне мектептердің виртуалды ортасында тар бейінді мамандар кабинеттерін құру оң ықпал етеді. Оларға логопед-мұғалім, педагог-психолог және бейімделген дене шынықтыру маманы жатады [7].

Аталған ассистивті құралдың негізгі мақсаты – осы мамандардың сабақтар өткізу мүмкіндіктерін кеңейту, сондай-ақ ерекше білімді қажет ететін оқушылар мен олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) жедел кеңес беру іс-шараларын ұйымдастыруға жағдай жасау болып табылады [8].

Аталған тәсілдердің әрқайсысының өнімділігін мойындай отырып, инклюзивті білім беру ортасында білім алушылардың әлеуметтік бейімделу ресурстарын айқындау үшін олардың негізгі идеяларын интеграциялау маңызды деп білеміз.

Сонымен қатар, цифрлық білім беру ресурстары (интерактивті платформалар, мультимедиялық материалдар, онлайн сабақтар) оқыту үдерісін визуализациялауға, оқу материалын қызықты әрі түсінікті етуге ықпал етеді. Әсіресе, ойын элементтері енгізілген білім беру платформалары оқушылардың мотивациясын арттырып, олардың оқу әрекетіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

Цифрлық құралдарды қолданудың маңызды артықшылықтарының бірі – білім беруді дараландыру мүмкіндігі. Мұғалім әр оқушының деңгейіне, қарқынына және қажеттіліктеріне сәйкес тапсырмалар ұсына алады. Бұл өз кезегінде оқушылардың өзіндік жұмыс дағдыларын қалыптастырып, олардың оқу жетістіктерін арттырады.

Сонымен қатар, цифрлық технологиялар ерекше білімді қажет ететін балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Онлайн коммуникация құралдары арқылы оқушылар өзара қарым-қатынас жасап, топтық жұмыстарға қатыса алады. Бұл олардың қоғамға бейімделуіне және әлеуметтік белсенділігінің артуына әсер етеді. Дегенмен, цифрлық құралдарды тиімді пайдалану үшін педагогтердің цифрлық құзыреттілігі жоғары болуы қажет. Мұғалімдер арнайы бағдарламаларды меңгеріп, оларды оқыту үдерісінде орынды қолдана білуі тиіс. Сонымен қатар, ата-аналармен бірлескен жұмыс та маңызды рөл атқарады.

Қорыта келе, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуда цифрлық құралдарды қолдану білім беру сапасын арттырудың, оқушылардың әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етудің және олардың тұлғалық дамуын қолдаудың тиімді құралы болып табылады. Сондықтан инклюзивті білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды кеңінен енгізу – қазіргі заман талабы.

### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Калинина Н.В. Социально-психологические трудности адаптации школьников в инклюзивной образовательной среде // Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия Акмеология образования. Психология развития. -2014. -Том 3, - вып.4. - С.389–395.

2. Организация инклюзивного образования для детей с ограниченными возможностями здоровья: учеб. пособие / отв. ред. С.В. Алехина, Е.Н. Кутепова. -М., - 2013. - 324 с.

3. Seligman M.E., Csikszentmihalyi M. Positive psychology. An introduction // American Psychologist. - 2000. -Vol. 55. - P.5-14.

4. Сабельникова С.И. Развитие инклюзивного образования // Справочник руководителя образовательного учреждения. – 2009. - №1. – С.42-54

5. Алкснит, Н.А. Критерии эффективного оформления цифрового учебного материала для синхронного онлайн-урока по РКИ / Н.А. Алкснит // Мир науки, культуры, образования. – 2024. – № 4(107). – С. 8-12

6. Борисова, Н.В. Инклюзивное образование: право, принципы, практика / Н.В. Борисова, С.А. Прушинский. – Москва: Перспектива, 2009. – 272 с.

7. Трошина, Е.П. Использование цифровых технологий в инклюзивном образовании / Е.П. Трошина, Е.А. Барабошкина, В.В. Мантуленко // Наука и школа. – 2021. – № 1. – С. 133- 142.

8. Малкова, М.А. Социолингвистические факторы неологизации цифрового пространства (на материале французского и английского языков) / М.А. Малкова // Мир науки, культуры, образования. – 2024. – № 6(109). – С. 482-485.